

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/ISSN2710-3528>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Ергалиева С. Ж., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/488-497>

***Л. Қ. Құмар**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2637-0936>

*e-mail: kumarlaura1996@gmail.com

Б. МАЙЛИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ ГАСТРОПОЭТИКАЛЫҚ ДЕТАЛЬДАР

Мақалада гастропэтикалық детальдардың көркемдік-эстетикалық қызметі қарастырылады. Гастропэтикалық бағыт әлемдік гуманитарлық ғылымдарда кеңінен зерттелгенмен, қазақ әдебиетінде, соның ішінде XX ғасыр басындағы қаламгерлердің шығармашылығы бойынша нысанға алынбаған. Осы тұрғыдан алғанда Б. Майлин прозасындағы гастропэтикалық детальдарды қарастыру әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеудің мақсаты – жазушы шығармаларындағы тағам мен дастарқанға қатысты детальдардың идеялық-мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында көркем шығармадағы тағамды суреттеу арқылы кейіпкер мінезін ашу, қоғам келбеті мен әлеуметтік ортаны бейнелеу, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты таныту мәселесі Б. Майлин шығармалары негізінде талданып, ғылыми тұжырымдар жасалады. Зерттеуде тағам тек тұрмыстық қажеттілік ретінде емес, қоғам көрінісін, кейіпкердің психологиялық күйін, әлеуметтік мәртебесін және мәдени болмысын ашатын көркемдік құрал ретінде қарастырылатыны дәлелденеді. Көркем шығармада ас ішу көріністері арқылы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас, қоғамдағы иерархия, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар бейнеленетіні тұжырымдалады. Зерттеу нәтижесінде тағамдық образдардың шығарманың идеялық мазмұнын тереңдетіп, көркемдік құрылымын байытатыны анықталады. Мақалада жасалған қорытындылар қазақ әдебиетіндегі гастропэтикалық зерттеулердің теориялық негізін толықтыруға мүмкіндік беретіні анық.

Кілтті сөздер: гастропэтика, деталь, Б. Майлин, ұлттық дүниетаным, мәдени код.

Кіріспе

Қазақ әдебиеттану ғылымында жаңа бағыттардың бірі ретінде гастропэтика мәселесі зерттеле бастады. Гастропэтика термині – қазақ әдебиеттану ғылымы үшін жаңа қолданыстардың бірі. Термин *gastro* және *poetica* деген екі ұғымнан құралған. Гастро деген тағам, ас деген ұғымды берсе, поэтика дегеніміз көркемдік жүйе дегенді білдіреді. Бұл әдебиетте көркем шығармадағы тағамның поэтикалық қызметін зерттейтін бағыт ретінде қалыптасқан. Ол тек әдебиеттанумен ғана емес, мәдениеттану, семиотика, философия сияқты ғылым салаларымен де байланысты. Осы аталған ғылымдардың тоғысында қалыптасқан. Тағам тек биологиялық қажеттілік емес, ол көркем шығармада кейіпкердің әлеуметтік жағдайын, мінезін, қоғамды, тарихи кезең ерекшелігін танытатын маңызды деталь ретінде көрінеді. Сондықтан гастропэтиканы зерттеу ұлттық әдебиетті жаңа ғылыми бағыттар тұрғысынан зерделеуге жол ашатыны анық.

Аталмыш бағыт әлемдік гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қарастырылғанымен, қазақ әдебиетінде, соның ішінде ХХ ғасыр басындағы қаламгерлердің шығармашылығы бойынша зерттелмеген. Осы тұрғыдан алғанда Б. Майлин прозасындағы гастропэтикалық детальдарды зерттеу әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жазушы прозасындағы гастропэтикалық детальдардың көркемдік қызметі арнайы зерттеулерге нысан болмаған. Бұл тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар тақырыптың өзектілігі гастропэтика мәселесінің қазақ әдебиеттану ғылымында жеткіліксіз деңгейде зерттелгенімен және ұлттық мәдени кодты көркем шығарма арқылы танудың маңыздылығымен айқындалады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін көркем деталь поэтикасына арналған зерттеулер құрайды. Гастропэтикалық детальдарды талдауда М. А. Шолоховтың «Тихий Дон» романындағы көркем детальдың ерекшелігін қарастырған П. В. Трофимова [1], башқұрт әдебиетіндегі көркем детальдардың идеялық-эстетикалық қызметін зерттеген А. З. Ахметова [2], көркем детальды шығарманың жанрлық, композициялық құрылымын қалыптастыратын көпқызметті көркемдік құрал ретінде теориялық тұрғыдан негіздеген К. Р. Шарафутдинова [3], шығарманың көркемдік тұтастығын қалыптастырудағы детальдың қызметін қарастырған Д. Д. Муруватийн [4] және тағы басқа зерттеушілердің теориялық қағидалары әдіснамалық негіз ретінде қолданылды. Себебі гастропэтикадағы тағамға қатысты образдар мен детальдар көркем шығармадағы жай тұрмыстық элементтер емес, кейіпкердің психологиялық жағдайын, әлеуметтік ортасын, ұлттық және мәдени ерекшелігін танытатын көркемдік құрал ретінде қызмет атқарады.

Гастропоэтика – гуманитарлық ғылымдардың дамуымен сабақтаса дамып келе жатқан сала. Ғылыми зерттеулерде бұл бағыттың негізін семиотика, мәдени антропология сияқты ғылымдардың қалыптастырғандығы айтылады. Жалпы тағам туралы зерттеулер әртүрлі аспектіде жазылған. Гуманитарлық бағыттағы зерттеулерде тағамның символикасы [5], мәдени коммуникация формасы ретіндегі қызметі [6] қарастырылған. Көркем шығармадағы қызметін зерттеген Wendy R. Katz: «Food in children's literature is rarely incidental; it often reveals character and social relationships» деп, көркем шығармадағы тағам бейнесінің кездейсоқ қолданылмайтынын, ол кейіпкер мінезін ашудың құралы екенін айтады [7, 192-6.]. Көркем детальдар шығарманың идеясына қызмет етеді [8] және шығарма идеясымен байланысып, белгілі бір көркемдік қызмет атқарады.

Зерттеуде сипаттамалы-талдау, герменевтикалық және контекстік талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер Б. Майлин прозасындағы гастропоэтикалық детальдардың көркемдік қызметін, ұлттық мәдени кодпен байланысын және шығарманың идеялық мазмұнын ашудағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Гастропоэтиканы қарапайым сөзбен түсіндіретін болсақ, көркем шығармадағы тағам, дәм, ас ішу арқылы ой мен сезімді жеткізу, яғни тамақ арқылы мағына беру. Сондықтан гастропоэтиканы көркем әдебиеттегі тамаққа қатысты көріністерді жай ғана тұрмыстық деталь емес, мағына тудыратын, мәтінді «сөйлететін» көркем құрал ретінде зерттейтін бағыт десек болады.

Тағам әдебиетте таңба (символ), мәдени код және коммуникация құралы ретінде көрінеді. Көркем шығармадағы кейіпкердің не жейтіні, кіммен жейтіні және қалай жейтінінің бәрі шығармадағы белгілі бір ақпаратты береді. Біріншіден, тамақ әлеуметтік маркер болады. Себебі тамақ арқылы бай мен кедей, ауыл мен қала, дәстүр мен жаңашылдық өзгеріс және т.б. қоғам келбеті көрінеді. Екіншіден, тамақ коммуникация формасы ретінде көрінеді. Мәселен, бірге тамақ ішу келісімді білдірсе, дастарқанға отырудан бас тарту қарсылықты, жалғыз ішу оқшаулануды білдіруі мүмкін. Қандай мағынаны білдіретінін контексте арқылы анықтауға болады. Үшіншіден, тамақ кейіпкердің эмоциясы мен психологиясын білдіреді. Көркем шығармадағы кейіпкер тәбетінің болмауы күйзелісті білдірсе, автор кейіпкердің ашкөздене ішуін сипаттау арқылы мінез ерекшелігін көрсетуі мүмкін. Төртіншіден, тамақ мәдени код. Қазақтың қымызы, бауырсағы, еті сияқты басқа халықтардың да ұлттық тағамдары бар. Бұлардың көркем шығармада берілуі ұлттық дүниетанымды білдіреді. Бесіншіден, тамақ көркем шығармада поэтикалық функцияны да атқарады. Гастропоэтика «не айтылды» емес, «қалай әсер етті» дегенді де қамтиды. Оқырман иіс пен дәмнің суреттелуі арқылы мәтінді

сезеді. «... көркем шығармалардағы тағамға қатысты көріністер авторлық стильдің маңызды компоненті болып табылады. Тағам мәтінде символдық мәнге ие болып, сюжеттің дамуына ықпал етеді, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әлеуметтік жағдайын ашады, сондай-ақ оқырманға эмоционалды әсер қалдырады» [9, 232-б.].

Б. Майлиннің «Раушан коммунист» повесін гастропоэтикалық тұрғыдан талдайтын болсақ, повесте дастарқан, ондағы тағам мен ішімдік түрлері тек тұрмыстық көрініс емес, қоғамдағы рухани өзгерістер мен ұлттық құндылықтар трансформациясының көркем коды ретінде беріледі. Жазушы қазақ қоғамындағы жаңа заман ықпалын гастропоэтикалық детальдар арқылы шебер көрсетеді. Мысалы:

«Алты бутылка пиво, екі бутылка портвейн столдың үстіне қатарланды» [10, 26-б.].

Бұл жерде автор дәстүрлі қазақ дастарқанындағы шұбат пен қымыздың орнына алкогольдік ішімдіктердің келуін көрсету арқылы ұлттық мәдениеттің өзгеруін, ауыл психологиясының жаңарауын және кеңестік кезең ықпалының күшеюін көрсетеді. Бұл эпизодта пиво мен портвейн жай сусын емес, әлеуметтік өзгерістің символына айналып отыр. Бұны автор «Желдібай Жындыбаев» әңгімесінде жалғастырған. Ауылға тексеруге келген әкім:

«Ауылнайдың ауылының қарасы көрінісімен Желдібай шаба жөнелді. Ауылнай жас бала жігіт. Көлеңкесінен қорқып отырған әке-шешесі бар екен, олар қалбаңдап алдынан шығып, Желдібайды үйіне түсірді. Төрт қабат көрпенің үстіне Желдібай барып отыра бергенде, кемпір орнынан тұрып, тысы жыртық ақ жастықты Желдібайдың арқасына тоса берді.

- Ауылнай, қайдасың?
- Мұндамын.
- Қане, бірдемең бар ма, тоңып келдім...

Ауылнай, бала жігіт қой, түсінбеді білем, аузын ашып тұрып қалды. Желдібай жымың етіп күліп жіберді.

- Бала екенсің ғой, «көк мойының» бар ма деймін?

Желдібайды жылыту үшін он бес шақырым жердегі қаладан «көк мойын» әкелуге адам шаптырылды.

... «Көк мойынның» қалғанымен басын жазып Желдібай далаға шыға келгенде, күн сәскелікке келіп қалып еді» [11].

Келтірілген үзіндідегі «көк мойын» қоғамдағы кеңестік кезең өзгерісін бейнелейді. Желдібай Жындыбаев келе салып, шай немесе қымыз, шұбат емес, арақ сұрайды. Оның арақты еркін сұратып, он бес километр жерден алдыртуы сырттан келген мәдени ықпалды еркін де қалыпты құбылыс ретінде қабылдағанын көрсетеді. Бұл жерде автор Жындыбаевтың белгілі қазақы ортадан, дәстүрден алыстап, жаңа әлеуметтік ортаның мінез-құлқын

қабылдағанын көрсеткен. Осы арқылы ішімдік гастропоэтикалық код ретінде кейіпкердің әлеуметтік және рухани трансформациясының белгісіне айналған.

«Қонақтарға тәттіні құйып, өздері пивоны ішті. Бір-екі рет ішкеннен кейін әңгіме қыза бастады. Раушан сәмпылдап сөйлеуге айналды. Бәкен де көкіп жөнелді. Сап-салмақты Дәметкен де бұлттан шыққан күндей, шырайы жанып ашылып, езуін жимай күлуге айналды. Әбіш Дәметкеннің о жер, бұ жерін бір ұстап, қыттықтап, бұлқынғанда құшақтап қалып отырды» [10, 26-б.].

Бұл үзіндіде гастропоэтикалық деталь әйел психологиясы мен ұлттық мінез өзгеруінің көрінісі ретінде беріледі. Әйел адамның еркін отырып ішімдік ішуі, ер адамдармен ашық қалжыңдасуы, қатты дауыстап күлуі қазақ әйелінің әдеп нормасына сай келмейді. Раушанның «сәмпылдап сөйлеуі» қазақ әйеліне тән ұстамдылықтың әлсіреуі, дәстүрлі қазақы ибаның азаюы мен эмоционалды бақылаудың жоғалуы сияқты мағыналарды білдіреді. Бұл жерде автор ішімдікті рухани трансформацияның символына айналдырып отыр. Дәметкеннің көркем бейнесінен маңызды психологиялық өзгерісті байқауға болады. Оны автор былайша суреттейді:

«Сап-салмақты Дәметкен де бұлттан шыққан күндей, шырайы жанып ашылып, езуін жимай күлуге айналды» [10, 26-б.].

Бұл сәттегі Дәметкенде бұрынғы биязы, сабырлы, байсалды, ұяң қазақ әйелінің бейнесі жоқ. Ішімдіктің әсерінен ұлттық тәрбиедегі ұят пен иба шекарасының бұзылған көруге болады. Дәметкен ішкі тежелуі әлсіреп, «еркін мінезге» ауысқан.

«Әбіш Дәметкеннің о жер, бұ жерін бір ұстап, қыттықтап, бұлқынғанда құшақтап қалып отырды» [10, 26-б.].

Бұл эпизодтан бірлік пен қонақжайлықтың, туыстық пен рухани жақындықтың символы болған қазақы дастарқан кеңістігі моральдық шекарасы әлсіреген орта ретінде көрінеді. Дастарқан мәдениетімен қатар, қазақ қоғамындағы ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас этикасы өзгеріске түскен. Көпшілік алдында әрі дастарқан басында ер адамның әйелге қол тигізуі қазақы тәрбиеге жат екені белгілі. Қазақта қалыптасқан дастарқан мәдениеті бар. Автор бұл жерде қазақы қоғамға жаңа тұрмыстық мәдениеттің ене бастауын көрсетеді.

Шығарманы гастропоэтикалық тұрғыдан талдау барысында автордың дастарқанды мәдени қақтығыс кеңістігі ретінде көрсеткенін байқауға болады. Пиво, портвейн сияқты ішімдіктердің түрі еуропалық тұрмыс мәдениетінің символы ретінде көрінеді. Автор осы шығармасында ішімдіктің қазақ дастарқанына келуін суреттеу арқылы ұлттық бақылау жүйесінің әлсіреуін, ұлттық тәрбиенің өзгеруін, қазақ әйелі мінезінің трансформациясын көрсетеді. Сонымен қатар жаңа әлеуметтік еркіндіктің пайда болуы мен дәстүрлі моральдық нормалардың әлсіреуін бейнелейді.

«– Ойбай, жеңгей, тәттінің неше атасының ұлын тап десеңіз де табамыз, – деп Әбіш басындағы картузын столға алып ұрды» [10, 26-б.].

Автор гастропозитикалық және этномәдени тұрғыдан терең мағынасы бар мәдени-символдық деталь қолданған. Қазақ дүниетанымында бас киім қасиетті саналған. Оны жерге тастамаған, үстінен аттамаған және дастарқанға қоймаған. Себебі бас киім – адамның абыройы, намысы мен әлеуметтік мәртебесі. Ол ер азаматтың беделімен де байланысты. Бас киімді дастарқан сияқты киелі жерге «алып ұру» дәстүрлі мәдени нормаға қайшы. Бұл жерде автор Әбішке бас киімін столға алып ұрғызу арқылы оның қызбалығын, даңғойлығын көрсеткен. Сонымен қатар бұл детальда символдық мағына бар. Картуз – кеңестік жаңа кезеңнің көрінісі. Оған дейін қазақ картуз кимеген және қазақ тілінің лексикалық қорында ондай қолданыс та болмаған. Екіншіден, автор дастарқан деген атауды емес, стол деген атауды қолданады. Дастарқан ұлттық мәдени кеңістік болса, «столға ұру» – дәстүрдің бұзылуы. Бас киімді дастарқанға тастау – ұлттық этиканың әлсіреуі. Екінші жағынан, қазақ қоғамындағы рухани-мәдени өзгеріс, яғни жаңа тұрмыстық мәдениеттің енуінің көрінісі болып табылады. Б. Майлин шығармаларында осындай көріністер арқылы қазақ қоғамындағы өтпелі кезең бейнеленеді. Гастропозитикалық детальдар арқылы ұлттық мәдениеттің өзгерісін, қазақ әйелінің табиғатындағы рухани трансформацияны және қазақ қоғамындағы кеңестік мәдени ықпалдың күшеюін жеткізеді.

Қорытынды

Б. Майлин прозасын гастропозитикалық тұрғыдан саралау барысында тамақтың мәтіндегі «жасырын тіл» екені анықталды. Оның көркем шығармадағы қызметін әдебиеттанудағы жаңа бағыт ретінде гастропозитика зерттейтіні тұжырымдалды. Тағам тек тұрмыстық қажеттілік ретінде емес, қоғам көрінісін, кейіпкердің психологиялық күйін, әлеуметтік мәртебесін және мәдени болмысын ашатын көркемдік құрал ретінде қарастырылып, көркем шығармада ас ішу көріністері арқылы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас, қоғамдағы иерархия, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар бейнеленетіні туралы қорытындылар жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Трофимова, В. П. Своеобразие художественной детали в романе М. А. Шолохова «Тихий Дон» [Текст] : автореф. дис. ... канд. филол. наук. – М., 2009. – 27 с.

2 Ахметова, А. З. Идеино-эстетическая функция символических образов и художественных деталей в башкирской литературе средних веков [Текст] : дис. ... канд. филол. наук. – Уфа, 2009. – 120 с.

3 **Шарафутдинова, Р. К.** Художественная деталь как жанровый компонент экспозиции во французском романе конца 1850-х – начала 1860-х гг. («Мадам Бовари» Г. Флобера и «Отверженные» В. Гюго) [Текст]: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – М., 2017. – 21 с.

4 **Мурувватиён, Д. Д.** Становление филологического романа в таджикской литературе XX века (на примере романа «Фирдоуси» Сотима Улугзода) [Текст]: дис. ... канд. филол. наук. – Душанбе, 2018. – 125 с.

5 **Lévi-Strauss, C.** The Raw and the Cooked: Introduction to a Science of Mythology [Text]. – New York : Harper & Row, 1990. – 444 p.

6 **Harris, J.** Chocolat [Text]. – London : Doubleday, 1999. – 336 p.

7 **Katz, W. R.** Some Uses of Food in Children’s Literature [Text] // Children’s Literature in Education. – 1980. – Vol. 11, No. 4. – P. 192–199.

8 **Androsova, T. L., Vasilyeva, T. N.** Specificity of Artistic Detail Functioning in the Story «The Travel by V. N. Gavrilyeva [Text] // Philology. Theory & Practice. – 2021. – Vol. 14. – No. 2. – <https://doi.org/10.30853/phil201029>.

9 **Құмар, Л. Қ., Жуманбаева, Р. О.** Әлем әдебиетіндегі тағам мотиві: зерттелуіне ғылыми шолу [Мәтін] // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2026. – № 2. – 230–239-бб. – <https://doi.org/10.48081/BGQF1989>.

10 **Майлин, Б.** Раушан – коммунист [Мәтін]. – Алматы, 1980. – 58-б.

11 **Майлин, Б.** Желдібай Жындыбаев [Мәтін] // Bilim-all [Электронды ресурс]. – URL: <https://bilim-all.kz/article/7946> (Қаралған күні: 03.05.2026)

REFERENCES

1 **Trofimova, V. P.** Svoeobrazie hudožestvennoj detali v romane M. A. Šolohova «Tihij Don» [The Specificity of Artistic Detail in M. A. Sholokhov’s Novel «And Quiet Flows the Do»] [Text] : Extended abstract of Cand. philol. sci. diss. – Moscow, 2009. – 27 p.

2 **Ahmetova, A. Z.** Idejno-èstetičeskaâ funkcîâ simboličeskih obrazov i hudožestvennyh detalej v baškirskoj literature srednih vekov [Ideological and Aesthetic Function of Symbolic Images and Artistic Details in Bashkir Literature of the Middle Ages] [Text] : Dis. ... cand. philol. sci. – Ufa, 2009. – 120 p.

3 **Šarafutdinova, R. K.** Hudožestvennaâ detal’ kak žanrovyj komponent èkspozicii vo francuzskom romane konca 1850-h – načala 1860-h gg. («Madam Bovari» G. Flobera i «Otveržennye» V. Gûgo) [Artistic Detail as a Genre Component of Exposition in the French Novel of the Late 1850s–Early 1860s (“Madame Bovary” by G. Flaubert and “Les Misérables” by V. Hugo)] [Text]. Extended abstract of Cand. philol. sci. diss. – Moscow, 2017. – 21 p.

4 **Muruvvatiĕn, D. D.** Stanovlenie filologiĕeskogo romana v tadŕiskoj literature XX veka (na primere romana «Firdousi» Sotima Ulugzoda) [The Formation of the Philological Novel in Tajik Literature of the 20th Century (On the Example of the Novel “Firdousi” by Sotim Ulughzoda)] [Text]. Dis. ... cand. philol. sci. – Dushanbe, 2018. – 125 p.

5 **Lévi-Strauss, C.** The Raw and the Cooked: Introduction to a Science of Mythology [Text]. – New York : Harper & Row, 1990. – 444 p.

6 **Harris, J.** Chocolat [Text]. – London : Doubleday, 1999. – 336 p.

7 **Katz, W. R.** Some Uses of Food in Children’s Literature // Children’s Literature in Education [Text]. – 1980. – Vol. 11, No. 4. – P. 192–199.

8 **Androsova, T. L., Vasilyeva, T. N.** Specificity of Artistic Detail Functioning in the Story «The Travel» by V. N. Gavrilyeva [Text] // Philology. Theory & Practice, – 2021. – Vol. 14. – No. 2. – <https://doi.org/10.30853/phil201029>.

9 **Kumar, L. K., Œumanbaeva, R. O.** Älem ädebïetindegï taĕam motivi : zertteluïne ĕılıymı ŕolu [The Food Motif in World Literature : A Scientific Review of Its Research] [Text] // [Bulletin of Toraighyrov University. Philology Series]. – 2026, – № 2, P. 230–239. – <https://doi.org/10.48081/BGQF1989>.

10 **Majlin, B.** Rauŕan – kommunist [Raushan the Communist] [Text]. – Almaty, 1980. – 58 p.

11 **Majlin, B.** Œeldibaj Œyndybaev [Zheldibai Zhyndybaev] [Text] // Bilim-all [Electronic resource]. – Available at : <https://bilim-all.kz/article/7946> (Accessed May 03, 2026).

03.07.26 ж. баспаға түсті.

08.07.26 ж. түзетулерімен түсті.

10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Л. К. Кумар

Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 03.07.26.

Поступило с исправлениями 08.07.26.

Принято в печать 10.08.26.

ГАСТРОПОЭТИЧЕСКИЕ ДЕТАЛИ В ПРОЗЕ Б. МАЙЛИНА

В статье рассматривается художественно-эстетическая функция гастропозитических деталей. Несмотря на то, что гастропозитическое направление широко исследуется в мировой гуманитарной науке, в казахской литературе, в том числе

в творчестве писателей начала XX века, данная проблема изучена недостаточно. В этом контексте исследование гастропоэтических деталей в прозе Б. Майлина является одной из актуальных проблем литературоведения. Цель исследования – определить идейно-содержательные и поэтические особенности деталей, связанных с пищей и культурой застолья в произведениях писателя. В ходе исследования на материале произведений Б. Майлина анализируются способы раскрытия характера персонажей через описание пищи, отражение общественной жизни и социальной среды, а также репрезентация национального мировоззрения и культурного кода. Доказано, что пища рассматривается не только как бытовая необходимость, но и как художественное средство раскрытия картины общества, психологического состояния персонажей, их социального статуса и культурной идентичности. Сделан вывод о том, что пищевые образы углубляют идейное содержание произведения и обогащают его художественную структуру. Полученные результаты позволяют дополнить теоретические основы гастропоэтических исследований в казахской литературе.

Ключевые слова: гастропоэтика, художественная деталь, Б. Майлин, национальное мировоззрение, культурный код.

**L. K. Kumar*

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 03.07.26.

Received in revised form 08.07.26.

Accepted for publication 10.08.26.

GASTROPOETIC DETAILS IN THE PROSE OF B. MAILIN

The article examines the artistic and aesthetic functions of gastropoetic details in literary works. Although gastropoetics has been widely studied in the humanities worldwide, this issue has not been sufficiently explored in Kazakh literature, particularly in the works of early twentieth-century writers. In this regard, the study of gastropoetic details in the prose of B. Mailin is considered one of the relevant issues in literary studies. The aim of the research is to identify the ideological, semantic, and poetic features of details related to food and table culture in the writer's works. The study analyzes B. Mailin's prose to reveal how food descriptions are used to portray characters, depict society and the social environment,

and represent the national worldview and cultural code. The research demonstrates that food is presented not merely as an everyday necessity but as an artistic device revealing social reality, the psychological state of characters, their social status, and cultural identity. It is concluded that food images deepen the ideological content of literary works and enrich their artistic structure. The findings contribute to expanding the theoretical foundations of gastropoetic studies in Kazakh literature.

Keywords: gastropoetics, artistic detail, B. Mailin, national worldview, cultural code.

Теруге 10.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 21.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 44,4.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4593

Сдано в набор 10.08.2026 г. Подписано в печать 21.09.2026 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 44,4.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4593

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz